

Циклограмма
Ересек «Құлыншақ» тобы
1-апта (01.08-05.08) Тамыз айы
Апталық тақырып: «Ас атасы нан»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 01.08.2022 Тақырыбы: «Дәнді дақылдар»	Сейсенбі 02.08.2022 Тақырыбы: Нан дастархан байлығы»	Сәрсенбі 03.08.2022 Тақырыбы: «Нан болса ән болады»	Бейсенбі 04.08.2022 Тақырыбы: «Егіс алқабында»	Жұма 5.08.2022 Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»	
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б). Таңертеңгі гимнастика.	08.00 08.15	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: гүлдер, су, туралы әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.					
	08.15 08.25	Тиым сөздер. Нан туралы қандай ырым, тиым сөздер білесіңдер? 1. Нанды бір қолыңмен үзбе! 2. Нанды жерге тастама! 3. Нанды текке лақтырма!	Жұмбақ шешу. Үсті тас, асты тас, Ортасында піскен ас. (нан)	Д/Ойын «Егіс алқабында». Балалар суретке қарап отырып, түсінгендерін айтып, сұрақтарға жауап береді.	Дидактикалық ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?» Ретімен орналастыр. Мақсаты: Суреттер бойынша нанның дастарханға келу жолын көрсет. Нанның дастарханға келу жолдарын цифрмен белгілейді	Мақал-мәтелдер — Ас атасы-нан» -Алтын-күміс, тас екен, Арпа,бидай ас екен. -Дәнді шашпа, нанды баспа. -Нан бар жерде, ән бар. -Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ-көптің батасы	
	Балалардың дене бітімін шынықтыру, дене сымбаттылығын қалыптастыру мен денсаулығын нығайту						

<p>Таңғы ас</p>	<p>08.25 09.00</p>	<p>Тамақтану мәдениеттілігіне тоқталу. Бата айту: Асқа адалдық, Денге саулық берсін</p>				
<p>Ойындар, Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық .</p>	<p>09.00 09.15</p>	<p>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар.</p>				
		<p>Жұмбақ Ұзын мұртты сарылар Қойынында дәні бар</p>	<p>Дидактикалық ойын «нан өніміне қатысатын мамандық иелерін тап»</p>	<p>Сөздік жұмыс жүргізу. Наубайхана, наубайшы, диірмен, сөздерінің мағынасын түсіндіру. Наубайхана – нан пісіретін, нан жабатын орын. Наубайшы – наубайханада нан пісіретінадам. Диірме н – дәнді дақылдарды тартып, ұншығаратын кәсіпорын.</p>	<p>«Комбайынды кұрастыру». Қиылған дайын көлік суреттерін үлгіге қарап, құраст ырады.</p>	<p>Д\О Әр көлік өз жолыңды тап Шарты Балалар әр көліктің өз жолын тауып тақтаға іледі</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылғ ан оқу қызметі</p>	<p>09.15 10.45</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәнді дақылдар» Мақсаты: Балала рды нанның біздің дастарханамызға қалай келетіні ж айлы түсінік беру. Дәнді</p>	<p>Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет Тақырыбы: «Нан- дастархан байлығы» Мақсаты: Нанның дастарханға келетін жолы мен оған дейінгі еңбегі туралы түсіндіру.</p>	<p>Ұ.О.Қ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ас атасы-Нан» Мақсаты: Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалынатынын айта</p>	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Алматының Алмасы –ай» Мақсаты: Балаларға жеміс пен көкөністерді ажырата</p>	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Bip</p>

	<p>егуден бастап,нан болғанға дейінгі еңбек түрлерімен таныстыру.Адам еңбегін құрметтеуді, нанды қадірлеуді үйрету, балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыланды,адамгершілікке , сыйластыққа тәрбиелеу. Д/о «Қатты-ақырын-сыбырлап»</p>	<p>Еңбек адамдарын сыйлай білуге, қасиетті тағамымызды, яғни нанды қастерлеуге үйрету. Д/о: «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын шарты: Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші дәндерді жасырады. Балалар қай дәндердің жоқ екенін табады. Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді?»Мақсаты: Еңбек адамдарын сыйлай білуге,әрбір адам нанды үнемді пайдалана білуіне тәрбиелеу. Нанды қастерлей біліуге</p>	<p>отырып,дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, таныстыру.Диханшылардың еңбегімен таныстыру.Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту,жетілдіру. Берілген тапсырманы орындауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу Дәндерді қолдарымен ұстатып,топыраққа егу арқылы еңбекті өздеріне орындатып қолмашықтарын жетілдіру.Еңбектерің жемісін көрсету. Ұ.ОҚ: Жапсыру</p>	<p>білуге үйрету. Жеміс пен көкөністерде көптеген пайдалы дәрумендер бар, олар бізге пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың тілдік қорларын молайтып, тілдерін дамыту. Тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>орында тұрып, ұзындыққа 4-6 сызықтың үстімен секіру(ара қашы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Жемістер мен көкөністер» эстафеталық жарыс Ұ.О.Қ: Сурет салу Тақырыбы: «Себеттегі алма» Мақсаты:Балаларды бір-бірін қалқалап тұрған заттардың суретін дұрыс бере білуге үйрету; бүктеу арқылы суретті толықтыруға</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.</p> <p>Ойын шарты:Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек.</p>	<p>үйрету, нан қоқымын жерге тастамауды түсіндіру.Нан туралы нақыл сөздерді ұғынуға жаттап алуға дағдыландыру.</p> <p>Д/о: «Нан дастарханға қалай келеді?»</p> <p>Мақсаты:Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Діқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздік қорын толықтыру:майдалау,себу,діқаншы,комбайын,элеватор,диірмен</p> <p>Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер</p> <p>Ойын шарты: Жүргізушінің белгісі</p>	<p>Тақырыбы: «Тоқаш нан» Мақсаты: Эстетикалық тәрбие арқылы бала табиғаттағы әсемдікті, үйлесімділікті көре білуге, алған әсерін шығармашылық жұмысында көрсетуге, жапсыра білуге үйренеді. Оқу қызметі кезінде жүйелі сөйлеу,терең ойлау,зейін аудару білуге қабілеттерін дамыту және жапсыру барысында саусақ маторикасын дамыту.Балаларды еңбекті сыйлай білуге,дастархан көркі нанды қастерлеуге,құрметтеуге,бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Кім тапқыр?»</p> <p>Мақсаты: сөздік қорын толықтыра</p>		<p>үйрету, білімдерін тереңдету.Шығармашылық ойлау қабілеттері мен бейнелей білу мүмкіндіктерін дамыту. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу;</p> <p>Ойын: «Ғажайып дорба»</p> <p>Шарты: Балалар дорбадан көз жұмып жемістердің бірін алып , сипаттап береді</p>
--	--	---	---	--	--

		нен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.	отыра, шапшаңдылыққа баулу. Ойын шарты: сұрақтар қойылып балалар жауап береді.		
Серуенге дайындық	10.45 10.55	Киіну: серуенге шығу.			
Серуен	10.55 12.00	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</p> <p>Бақылау. Ағаштарды бақылау</p> <p>Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштарды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір - біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы қандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар?</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап»</p> <p>Мақсаты: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу.</p> <p>Еңбек: ағаштар түбінің топырағын қопсыту.</p> <p>Мақсаты: балаларға ағаш түптерін не үшін қопсыту керектігін түсіндіру, ағаштарды күтуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді».</p> <p>Мақсаты: Берілген белгі бойынша тез жүгіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру.</p>			

		Мақал - мәтел: - Адамның құдіреті жүрегінде, Ағаштың құдіреті түбірінде.				
Серуеннен оралу	12.00 12.15	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.15 12.50	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Ұйқы	12.50 14.50	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	14.50 15.00	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	15.00 15.15	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Ойындар, дербес әрекет		«Аспазшы» /түсіндіру/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/ Мақсаты: Балабақшадағы аспазшы қызметкерлерін білу, олардың атқаратын қызметін білу.	« Аспазшы » /көрсету/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/ Мақсаты: Аспазшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	«Аспазшы» /ойын ережесі/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/ Мақсаты: Аспазшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу	«Аспазшы» /еркін ойын, балалармен бірге ойнау/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/ Мақсаты: Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.	«Аспазшы» /еркін ойын / /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/ Мақсаты: Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына		Жыл мезгілі туралы әңгімелесу	Дидактикалық ойын «Дастархан	Асылмен Жаз мезгілі туралы әңгімелесу Сөздік	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу	«Жазғы гүлдер» туралы әңгімелесу, суретін қағаз

сәйкес жеке жұмыс		«Жаз» (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	басында қалай отыру керек?» Мақсаты: баланың сөздік қорын дамыту мақсатында әдептілікке баулу, дастархан әдебін үйрету.	қорларын дамытып байланыстыра сөйлеуге үйрету	Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	бетіне салуға дағдыландыру. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап бере отырып, көркемдеп бейнелейді.
Серуенге дайындық.	15.15 15.25	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	15.25 17.00	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақшада сенің досың кім?»				
Серуеннен оралу	17.00 17.10	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Кешкі ас	17.10 17.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30 18.00 18.00 18.30	Ата-аналарға кеңес: « Жаз мезгілінде».	Жаз мезгіліндегі қауіпсіздіктер жайлы әңгімелесу	Әңгімелесу: Балалар балабақшада өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	«Менің балабақшам». Картиналар топтамасынан суреттер құрастыру.	Кеңес беру: Педагогтің ата-анамен қарым-қатынасы. Баланың жеке бас дамуының деңгейі туралы әңгімелесу, кеңестер беру.

Циклограмма
Ересек «Құлыншак» тобы

Тамыз айы

II - апта (08.08-12.08. 2022 жыл)

Апталық тақырып: «Менің ғажайып әлемім»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 08.08.2022 Тақырыбы: «Менің нәзік достарым»	Сейсенбі 09.08.2022 Тақырыбы: «Менің адал достарым»	Сәрсенбі 10.08.2022 Тақырыбы: «Кітап білім бұлағы»	Бейсенбі 11.08.2022 Тақырыбы: «Ұлттық бұйымдар»	Жұма 12.08.2022 Тақырыбы: «Мамандықтар»
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б). Таңертеңгі гимнастика.	08.00 08.15	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	08.15 08.25	Дыбыстық жаттағулар -Ыр, ыр, ыр ырылдайды қасқыр, -Кі, кі, кі бұлаңдайды түлкі,	Ойын Шарты: екі жабайы аңдардың ұқсастығын айтады. Ойын шарты: Қоян мен түлкі қандай аң?	Кітаптың қалай,қайдан шығатыны туралы түсінік беру	ДҰО Заттардың ішінен қазақтың ұлттық бұйымдарын табу. Мақсаты: Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана - сезімін, ынта - жігерін арттыру.	«Мен өскенде кім боламын?» сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөйлеу қабілетін дамыту. үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

		Балалардың дене бітімін шынықтыру, дене сымбаттылығын қалыптастыру мен денсаулығын нығайту				
Таңғы ас	08.25 09.00	Ойын жаттығу:				
		Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында,				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	09.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар.				
	09.15	Шаттық шеңбері: Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік, Қабак түйген не керек, Күліп өмір сүрейік!	Дидактикалық ойын: «Жұбын тап» Ойын мақсаты: Балалардың ширақтығы мен логикалық ойлау қабілетін дамыту Ойын шарты: Балаларға бір қорапқа салынған әртүрлі пішіндер беріледі. Сол пішіндерді белгіленген уақыт көлемінде әр үстелге	Шаттық шеңбері: «Бір-біріне жүрекшемен жылы лебіз білдіру»	Дидактикалық ойын: «Ойнайық та, ойлайық» Ойын мақсаты: Балалардың сөздік қорын арттыру барысында суретке қарап тез сөз ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: Белгілі бір сурет ұсынылады, сол суретке қарап бірнеше мәнделес	Шаттық шеңбері: Арайлап атсын таңымыз Жайдары болсын таңымыз, Жайдары болсын күніміз Жайнасын бүгін жарқырап, Армысың, жомарт күзіміз!

			орналастырып шығу керек.		сөздер тауып айту.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	09.15 10.45	Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру .Қазтамақ, фикус, кактус гүлдері туралы айтып, оларды бір – бірінен ажырата білуге, тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру . Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу . Гүлдің	Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қанатты достарым» Мақсаты: Балаларға достық жайлы әңгімелеу, Құстарға, жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу, олармен дос болуларына болатынын айту. Д/о: «Кім қандай?» Ойын шарты: Тәрбиеші жәндікке анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекше-ліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айта	Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кітап білім бұлағы» Мақсаты: Кітап білім бұлағы деп білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.Балаларға кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру,кітапты құрметтеуге,күтіп ұстауға үйрету.	Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Ән тындау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді – ырғақты қимылды ойын: Ұ.ОҚ: Мүсіндеу Тақырыбы: Торсық Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен	Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің» Мақсаты: Менгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекіту.Шағын топпен тұру,педагогтің соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүруге үйрету.Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету.Шағын топпен жүру,жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге

	<p>атауларын,сырт келбетін,жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын,оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп,табиғатты аялауға,сүюге тәрбиелеу. Д/о «Досыма тілек»</p> <p>Ойын шарты: Өз достарының атын айтып, жақсы тілектерін айту, сыйлық жасау.</p> <p>Ұ.ОҚ: Құрастыру Тақырыбы: «Қызғалдақ» гүлі</p> <p>Мақсаты: Балаларға қызғалдақ гүлі туралы түсінік беру. Мозайкадан қызғалдақ гүлін құрастыруды</p>	<p>отырып үлгі көрсетеді. Бірінші кезеңде иллюстрациялық материал қолдануға болады.</p>	<p>Кітаптардан көрме ұйымдастыру.</p> <p>Дид/ойын: «Ғажайып кітап»</p> <p>Ойын шарты: Үстел басында балалар отырады, орталарында-жарты парақ альбом беті.Тәрбиешінің айтылған тақырыбы бойынша әр бала бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі жемістердің суретін салады.Сурет салынған</p>	<p>таныстыру, торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру;торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап,әшекейлеу жолдарын түсіндіру ,ұсақ қол қимылдарын дамыту,көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнердісүюге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Не көрдің, не білдің?»</p> <p>Мақсаты: Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің</p>	<p>жаттықтыру.Педагогтің тапсырмасын тыңдау,орындау, белгі бойынша тоқтау дағдыларын бекіту.</p> <p>Қимылды ойын: «Мені қуып жете аласың ба?»</p> <p>Ойын шарты:Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. деп, ойынға қатысушы балалар бытырап</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>үйрету.Балалардың ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын, саусақ моторикаларын дамыту. Өз ойларын толық жеткізе білуге, гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Ретін тап»</p> <p>Шарты: гүлдің өсу ретін дұрыс қойып шығу, гүл құрылымын атап әңгімелеу.</p>		<p>қағасдарды жинақтап кітапша жасалынады.</p>	<p>жиһаздары мен ойыншықтарды дұрыс қолдану ептіліктерін жетілдіру және салыстыруға үйрету.</p> <p>Ойын шарты: Экскурсияда не көргендерің естеріне түсіріп айтып беру керек. Заттарды өз ара салыстырып беру керек.</p>	<p>қашады. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді.</p> <p>Ұ.ОҚ: Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Ғарышкер»</p> <p>Мақсаты: Саусақтарды бояуға малып қағазға ізін түсіріп ғарыш пен ғарышкердің суретін салу.Балалардың саусақ бұлшықеттерін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	10.45 10.55	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	10.55 12.00	<p>Бақылау: Ауа – райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.</p> <p>Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуыспақ»</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің.</p> <p>Еңбек: Телімдегі гүлдерге су құю.</p> <p>Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк белеңді сау – сау.</p>				
Серуеннен оралу	12.00 12.15	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.15 12.50	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Ұйқы	12.50 14.50	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	14.50 15.00	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	15.00 15.15	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Ойындар, дербес әрекет		«Отбасы» /түсіндіру/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/	«Отбасы » /көрсету/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/	«Отбасы» /ойын ережесі/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/	«Отбасы» /еркін ойын, балалармен бірге ойнау/ /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/	«Отбасы» /еркін ойын / /мазмұнды-рөлдік ойын ойнату/

		Мақсаты: Балалардың өздерінің отбасылары туралы білімдерін толықтыру және ойын арқылы меңгерту	Мақсаты: Балалардың Отбасы туралы білімдерін толықтыру және отбасы мүшелерін атай білуге үйрету.	Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту,	Мақсаты: Балаларға үлкенге көмек көрсетуге, тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету	Мақсаты: Балаларға үлкенге көмек көрсетуге, тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Бастапқы бақылаудан кейінгі түзету жұмыстары	Бастапқы бақылаудан кейінгі түзету жұмыстары	Бастапқы бақылаудан кейінгі түзету жұмыстары	Бастапқы бақылаудан кейінгі түзету жұмыстары	Бастапқы бақылаудан кейінгі түзету жұмыстары
Серуенге дайындық.	15.15 15.25	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	15.25 17.00	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақшада сенің досың кім?»				
Серуеннен оралу	17.00 17.10	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Кешкі ас	17.10 17.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30 18.00 18.00 18.30	Тақпақтарды үйде қайталау.	Ата-аналармен әңгімелесу. Таңғы жаттығуға кешікпеу уақытынды келу.	Еркін ойындар	Суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. жаңылтпаштар жаттау	Балаларға жақсы демалуға тілек білдіру

Циклограмма
Ересек «Құлыншак»
Тамыз айы ІІІ-апта
Апталық тақырып: «Өнер көзі халықта»
(15.08-19.08. 2022 жыл)

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 15.08.2022 Тақырыбы: «Қуыршақ театры»	Сейсенбі 16.08.2022 Тақырыбы: «Қазақ ертегілері»	Сәрсенбі 17.08.2022 Тақырыбы: «Құрастырғыштар мекені»	Бейсенбі 18.08.2022 Тақырыбы: «Ою-өрнек күні»	Жұма 19.08.2022 Тақырыбы: «Ел іші өнер кеніші»
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б). Таңертеңгі гимнастика.	08.00 08.15	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жаз мезгілі туралы әңгімелесу, қарым – қатынас және көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	08.15 08.25	Балаларға қуыршақ туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: «Жамауды тап» Балаларға берілген геометриялық пішіндердің орнын тауып кілемді жамау керек.	Доппен ойын Доппен ортаға түсу ойынын ойнау.	Асық ату ойыны Мақсаты. Жылдамдыққа шапшандыққа үйрету.	Тақпақ жаттау Бала, бала баламыз. Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз.
	Балалардың дене бітімін шынықтыру, дене сымбаттылығын қалыптастыру мен денсаулығын нығайту					
Таңғы ас	08.25 09.00	Тамақтану мәдениеттілігіне тоқталу. Бата айту: Батам, батам батпасын\ Батам жерде жатпасын Асқа адалдық, Денге саулық берсін				

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық .	09.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар.				
	09.15	Дидактикалық ойын: Бұл қай мамандық иесі? Суретпен жұмыс	Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге жемістер мен көкөністерді жеке-жеке жина»	Дидактикалық ойын: Бұл қай жеміс ағашы? Суретпен жұмыс	Дидактикалық ойын: Бұл қай жеміс? Суретпен жұмыс	Дидактикалық ойын: Бұл қайдай бөлме гүлі немес бақша гүлі ? Суретпен жұмыс
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	09.15 10.45	Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: «Театр әлеміне саяхат» Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру; баланың қиялын, есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту; әлеуметтік және	Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ертегілер елінде» Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаға бейімдеу, ертегілер туралы түсініктерін қалыптастырып, ертегілерге қызығушылығын арттыру, нұсқау бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету. Танымдылық қабілетін дамыту қарым - қатынасқа түсу мен топпен жұмыс жасауға үйрету. Алдын – ала жүргізілетін жұмыстар: ертегі туралы әңгімелеу. Д/о: «Мекенін тап»	Ұ.О.Қ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің үй» Мақсаты: Балаларға әр адамның тұратын үйі болатындығын түсіндіру. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркесіне және сөйлемдер құрату арқылы сөйлеу тілін дамыту.	Ұ.О.Қ: Музыка Тақырыбы: «Оюлар сыр шертеді» Мақсаты: Сабакты қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру. Дәстүрлі әдіс - тәсілдерді қолдана	ҰОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: Мақсаты: Балаларды кедергілерді қозғамай еңбектеп өтуге, бөренелерден аттап өтуге үйрету. Жаттығу ережелерін жіне жаттығуларды толық орындауға баулу Д/о «Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды ептілікке,

	<p>эмоциялық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке-дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру; достыққа, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Саусақтар серуендейді».</p> <p>Ойын шарты: - Балалар, саусақтар серуенге шығады, біз оларға жол көрсетейік.</p>	<p>Ойын шарты: Қай ертегілерде Қоян кездесетінін табу</p> <p>Ұ.ОҚ: Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырыбы: «Жабайы аңдар»</p> <p>Мақсаты: Жабайы аңдардың тіршілік ететін аумағы туралы түсіндіре отырып, бұл аңдардың (күшті, сақ, епті) қасиеттері туралы түсіндіру. Жабайы жануарларды танып, атай білу және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Жануарлар туралы бейнефильм көру</p>	<p>Грамматикалық тұлғада жүйелі түрде сөйлемді толық, анық айтуға, өз ойын жеткізе білуге үйрету. Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу.</p> <p>Ұ.ОҚ: Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Көпқабатты үйлер»</p> <p>Мақсаты: Бейнені құрастыруға үйрету. Заттар мен өрнектердің пішініне байланысты жазықтықта орналасу</p>	<p>отырып, ою - өрнекті бастырып ,фетр матасына қиып алып жапсыру.Түски ізді әшекелейміз. Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа , ұқыптылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ұ.О.Қ</p> <p>:Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Ою-өрнек»</p> <p>Мақсаты: Балаларды халқымыздың асыл мұраларын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге,</p>	<p>жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады.</p>
--	--	---	--	---	---

		<p>- Олар жолмен қалай жүреді? Топ-топ-топ.</p> <p>- Жаңбыр жауатын сияқты, саусақтар қалай жүгіреді: топ-топ, топ-топ, топ.</p> <p>- Енді саусақтар үйлеріне кіреді: тық-тық-тық.</p>		<p>заңдылықтары н бекіту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Қылқалам мен желімді пайдаланып, клеенкадағы пішінге ұқыпты жағу, су орамалды қолдану, іскерліктерін дамыту. Жапсыруға деген қызығушылықтарын дамыту. Шағын элементтерді жапсыру арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу.</p>	<p>ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұлттық ою-өрнектерді танып, атай білуге дағдыландыру. Балаларды ермексазды қолданып, текеметке ою салуға үйрету.</p>	<p>Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. Қоршаған ортаментаныстыру</p> <p>Ұ.О.Қ: Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Әшекей бұйымдар»</p> <p>Мақсаты: Балаларды өз ұлттық дәстүрлерін біліп жүруге үйрету; ұлттық әшекейлермен таныстыру; тұмар туралы түсінік беріп білімдерін нығайту; қағазды бүктеу жолдарын,</p>
--	--	--	--	--	--	--

						<p>желіммен жұмыс жасауды үйрету, майлы бояумен әшекейлеуді үйрету. Балалардың ой-өрістерін, есте сақтау қабілеттерін, ауызекі сөйлеу тілдерін, қол моторикасын дамыту, сөздік қорларын молайту, өз беттерімен жұмыс жасауға баулу. Өз дәстүрлерін сақтап, қадірлеп жүруге, адамгершілікке, қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
Серуенге дайындық	10.45 10.55	Киіну: серуенге шығу.				

Серуен	10.55 12.00	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Бақылау: Алма ағашын бақылау Мақсаты: Ауладағы алма ағашының түрлерін меңгерту. Оларды баптап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу Еңбек: Ағаштарды, гүлдерді суғару. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Соқыр теке» /ойын ережесі/ Жеке жұмыс: Ағаш туралы мақал мәтелдер жаттау.
Серуеннен оралу	12.00 12.15	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .
Түскі ас	12.15 12.50	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.
Ұйқы	12.50 14.50	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	14.50 15.00	Сауықтыру-шынықтыру «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Кемпіркосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу
Бесін ас	15.00 15.15	Бата айту: Асқа береке берсін, Денімізге саулық берсін! дұрыс тамақтану мәдениеттілігіне тоқталу Киімдерін ауыстырып, далаға шығу

Ойындар, дербес әрекет		«Менің ойыншықтарым» тақырыбына суреттер құрастыру	Сюжетті-рөлдік ойын. «Құрылысшы» Құрылыс материалдарымен достарына үй құрастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын. «Құрылысшы» Құрылыс материалдарымен достарына үй құрастыру.	«Бөпешім қонаққа келді» дидактикалық ойын. Мақсаты: Балаларды дене мүшелерін көрсете отырып, атай білуге үйрету	«Құрылысшы» Мақсаты: Аю туралы түсінік беру, аю образына кіру, жүрісін салу, ойын ойнау арқылы қызығушылығын дамыту
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		«Суреттерді сөйлетеміз» Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Дидактикалық ойын «Кел, санайық!» Мақсаты: баланың ой-өрісін шапшаң ойлауға дағдыландыру.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	«Серпілген сауал» әдісімен жыл мезгілі туралы сұрақтар қойып, жауап алу мақсатында ойын жинақтауға жағдай жасау. Мақсаты: қойылған сұрақтарға толық жауап алу үшін ойландыру, үйрету.	«Кім тапқыр?» Мақсаты: ым- ишара арқылы жан- жануарларды тану.
Серуенге дайындық.	15.15 15.25	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	15.25 17.00	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақшада сенің досың кім?»				

Серуеннен оралу	17.00 17.10	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Кешкі ас	17.10 17.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30 18.00 18.00 18.30	Ата-аналармен әңгіме Балаларды жаз мезгілінде таза ауада көбірек серуендету туралы кеңес	Ата-аналармен әңгіме Балаларға табиғатты қорғау не қалай қорғаймыз әңгімелесу	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгіелесу.	«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».әңгі млесу	Ата-анамен жұмыс. Балалардың тазалығына көп мән беру қолдарын үнемі жуып жүру қазіргі жағдайға байланысты демалыс күндері сақтық шараларын естен шығармау.

**Циклограмма
Ересек «Құлыншақ» тобы**

Тамыз айы

IV - апта

Апталық тақырып: «Ғажайыптар әлемінде»

(22.08-26.08. 2022 жыл)

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 22.08.2022 Тақырыбы: «Балабақша үйіміз»	Сейсенбі 23.08.2022 Тақырыбы: «1,2,3 бойға жинап күш»	Сәрсенбі 24.08.2022 Тақырыбы: «Менің Қазақстаным»	Бейсенбі 25.08.2022 Тақырыбы: «Атам менің шежіре»	Жұма 26.08.2022 Тақырыбы: «Ата заңым айбыным»
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б). Таңертеңгі гимнастика.	08.00 08.15	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жаз мезгілі туралы әңгімелесу.				
	08.15 08.25	Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге жидектерді жина»	Дидактикалық ойыны «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. заттардың арасынан бір және көпзаттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.	Дидактикалық ойыны «Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.	Дидактикалық ойыны « Суретші қай жерде қателесті? » Мақсаты: суретшінің «Жаз» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар жаз мезгілінде болмайтын	«Сөйлемей көрейікші» ойыны (үндемес)

				көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.	
		Балалардың дене бітімін шынықтыру, дене сымбаттылығын қалыптастыру мен денсаулығын нығайту			
Таңғы ас	08.25 09.00	Ойын жаттығу: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.			
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық .	09.00 09.15	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар.			
		«Суреттерді сөйлетеміз» Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Дидактикалық ойын «Кел, санайық!» Мақсаты: баланың ой-өрісін шапшаң ойлауға дағдыландыру.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	«Серпілген сауал» әдісімен жыл мезгілі туралы сұрақтар қойып, жауап алу мақсатында ойын жинақтауға жағдай жасау. Мақсаты: қойылған сұрақтарға толық жауап алу үшін ойландыру, үйрету.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>09.15 10.45</p>	<p>Ұ.ОҚ: Жаратылыстану Тақырыбы: Балабақша – біздің екінші үйіміз. Мақсаты: Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру (медбике, аспаз).Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды мейірімді болуға баулу. Д/о: «Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және</p>	<p>Ұ.ОҚ: Көркем әдебиет Тақырыбы: «Зерек балақай» Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту. Дыбыстарды түрлі екіпінде анық және дұрыс айту,</p>	<p>Ұ.ОҚ: Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің елім» Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, тілдерін дамыту. Д/о: «Тұратын қалаңды ата». Ойынның шарты: балалар дөңгелене шеңберге тұрады. Ойын бастаушы «Өз қалаңды ата!»- деп, допты бір балаға лақтырады.</p>	<p>Ұ.ОҚ: Музыка Тақырыбы: «Азат елдің ұранымыз» Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу. Д/о: «Есте сақта»Ойын шарты: Балалар саны бойынша әр түрлі болатын бірдей заттар карточкасы (сурет) беріледі. Тәрбиеші 3-4 рет қол шапалақтағанда, сонша нәрсесі бар карточканы көрсету кер Ұ.О.Қ: Мүсіндеу</p>	<p>Ұ.ОҚ: Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір қатардан сапқа тұру» Мақсаты: Балаларды сыңарымен жүгіруге жаттықтыру. Тепе теңдік сақтап жүруге, ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Қ/о «кім допты биік лақтырады» Ойын шарты: Допты аспандата лақтырып, қолды алға созып, қағып алады. Ұ.О.Қ: Сурет салу Тақырыбы: «Көкбайрақ» Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін</p>
---	------------------------	--	---	--	---	--

	<p>тағы екі түрлі...). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр».</p> <p>Ұ.О.Қ: Құрастыру Тақырыбы: «Балабақша қоршауы» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарының негізгі түрлерімен таныстыру және қарапайым құрастыру іскерліктерін дамыту.</p>	<p>сыбырлап және қатты айту. Интонацияларды ажырата алу және оларды айту. Таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.</p> <p>Д/о: «Кім тапқыр?» Мақсаты: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшаңдыққа баулу. Ойын шарты: сұрақтар</p>	<p>Бала жауабын айтып, келесі балаға лақтырады. Келесі бала ойынды одан әрі жалғастырады.</p> <p>Ұ.О.Қ: Сурет салу Тақырыбы: «Менің елім – Қазақстан» Мақсаты: Балалардың Қазақстан Республикасы жайында білімдерін кеңейту. Балаларға сұқ саусақты бір түсті бояуға батыру, қағазға түсіріп болған соң ыдыстағы суға жуып, қағаз сүлгімен немесе ылғал шүберекпен сүрту керек екенін түсіндіру. Қазақстан жалауын әшекейлеуге, лайықты бояу</p>	<p>Тақырыбы: «Атамның торсығы» Мақсаты: Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Дамытушылық: Торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді таңдап, талғап әшекейлеу жолдарын түсіндіру. Оқыту: Кесек ермексаздан қымыз құятын торсықты мүсіндеу әдіс-тәсілдерін меңгерту. Торсықты әр түрлі әдіс-тәсілдермен безендіру.</p>	<p>оята отырып, ұлтжанды ұрпаққа тәрбиелеу. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу, патриоттық сезімін ояту. Дәстүрден тыс эбру әдісі арқылы көк тудың суретін салу.</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>Ойлау қабілетін дамыту арқылы қоршау құрастыра білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа, бірлесіп еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қақпа құрастыр» Шарты: Балалар, алдарында тұрған кубиктардан қақпа құрастырады. Ойын әрі қарай жалғаса береді.</p>	<p>қойылып балалар жауап береді.</p>	<p>таңдай білуге үйрету. Балалардың қиялын, көркемдік талғамын дамыту. Бояу түстерін пайдалануға дағдыландыру. Балаларға Қазақстанның мемлекеттік жалауымен таныстыруды жалғастыра отырып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, өз Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, туған жері мен елін сүйуге, оларды қорғай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. сары, көк түс нені білдіретінің айту. Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, әңгімелеу,</p>		
--	--	--------------------------------------	--	--	--

				<p>ойын, мақал – мәтел, сурет салу. Д/о: «Суретші» Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға кез-келген геометриялық бейнені салуды ұсынады. (төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы). Салуға арналған бейненің санын бала өзі таңдайды. Тапсырманы орындап біткеннен кейін тәрбиеші балалардың суреттерін жинап алып, суретте не салынғанын, қанша екенін естеріне түсіруді сұрайды. Егер бала есіне түсіре алмаса, алғашқы суреттерді қайтадан таза парак бетіне салуды ұсынады.</p>		
--	--	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	10.45 10.55	Киіну: серуенге шығу.
Серуен	10.55 12.00	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</p> <p>Табиғат әсемдігін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балабақша айналасындағы ең көрікті жерді таңдап, бақылау жасау.</p> <p>Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылық сезімдерін арттыру. Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Әр жыл мезгіліне қарай табиғаттың өз сұлулығы, әсемдігі болатынын айтып түсіндіру.</p> <p>Тақпақты жаттау:</p> <p>Жаз келіпті дегенше, Алма пісіпті дегейсің. Бақшамызда ендеше, Алма теру көбейсін.</p> <p>Жұмбақ шешу: Қайнамай піскен, Асықпай түскен. (жеміс - жидек)</p> <p>Қимылды ойын: «Қуып жет»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:</p> <p>Айгөлек - ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл) керек - деп шақырады.</p> <p>Еңбек: Ауланы сыпыру.</p> <p>Мақсаты: Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.</p>
Серуеннен оралу	12.00 12.15	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .

Түскі ас	12.15 12.50	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Ұйқы	12.50 14.50	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	14.50 15.00	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
Бесін ас	15.00 15.15	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Ойындар, дербес әрекет		Мазмұнды желілі ойын:«Дүкен» Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, баулу. Қажетті атрибуттар: Ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, халат, халпақ, есеп шот т.б.	Мазмұнды желілі ойын:«Дүкен» Мақсаты: Балаларды сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.	Мазмұнды желілі ойын:«Дүкен» Мақсаты: Балаларды сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.	Мазмұнды желілі ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген сүйіспеншіліктері н арттыру.	Мазмұнды желілі ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін - өзі ұстай білу мәдениетіне, бір - біріне көмектесуге баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Алмаспен Мұнармен 3 дыбысы мен әрпін қайталау	Әлихан мен Әлимен Бөліктерден көліктер құрастырту	Жаңылтпаштар Мақсаты балалардың тілін ұстартып, әр түрлі	Асылмен өткен Здыбысы мен әрпін қайталау Мақсаты: Сөзді буынға бөлу,	«Ертегі кейіпкерлерінің жұбынтап» (әр түрлі ертегілер) дидактикалық

		Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.		сөзді шапшаң айтуға үйрету Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық. Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық.	сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.	ойыны Мақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру.
Серуенге дайындық.	15.15 15.25	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	15.25 17.00	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Балабақшада сенің досың кім?»				
Серуеннен оралу	17.00 17.10	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Кешкі ас	17.10 17.30	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30 18.00 18.00 18.30	Жаз туралы әндерін қайталау.	Ата-аналарға үйден ойыншық әкелмеу	Еркін ойындар	Жаз мезгілінің ерекшеліктерін сезіну, әңгімелеу.	Еркін ойындар. Сау бол балабақша!

